Конкурстық құжаттамаға
16-қосымша

Сатып алынатың қызметтердің Техникалық ерекшелігі (тапсырыс беруші толтырады)

Тапсырыс берушінің атауы:	Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің "№14 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Ұйымдастырушының атауы:	Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің "№14 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Конкурстың №:	№ 17987756-1
Конкурстың атауы:	Кабинеттерді эстетикалық безендіру бойынша қызметі
Лоттың нөмірі:	№ 88703150-ОК1
Лоттың атауы	Эстетикалық безендіру бойынша қызмет көрсетулер
Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы кодының атауы:	749020.000.000124
Қызметтің атауы:	Эстетикалық безендіру бойынша қызмет көрсетулер
Өлшем бірлігі:	Бір қызмет
Саны (көлемі):	1
Қосылған құн салығын есептемегенде бірлік бағасы:	8620689.66
Қосылған құн салығын есепке алмағанда, сатып алуға бөлінген жалпы сома:	8620689.66
Авиациялық техниканы сатып алуды қоспағанда, тауар жаңа, пайдаланылмаған, шығарылған жылы шарт жасалған күнге дейін (үш жылға дейін) ерте болмауға тиіс:	
Қызмет көрсету мерзімі	келісім шарт күшіне енген күннен бастап 30 күнтізбелік күн
Аванстық төлем мөлшері:	0

Кепілдік мерзімі (айлармен)	12

Талап етілетін сипаттамалардың, параметрлердің және өзге де бастапқы деректердің сипаттамасы	Осы жоба шеңберінде мердігер ағылшын тілі кабинетін жаңғырта отырып, эстетикалық безендіру жұмыстарын орындауға міндетті. Жұмыс нысаны ағылшын тілі кабинеті болып табылады. Эстетикалық безендіру шеңберінде әлеуетті өнім беруші кеңістікті функционалдық аймақтарға бөлуге сәйкес кабинеттің интерьерін безендіру және сәндік жиһаздарды орнату бойынша кешенді жұмыстарды орындауға міндетті. Кабинетті безендіру заманауи білім беру ортасының ажырамас бөлігі болып табылады және қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыруға, білім алушылардың оқуға деген ынтасын арттыруға, олардың мәдени және эстетикалық құндылықтарын дамытуға бағытталуы тиіс. Кабинеттің визуалды кеңістігі білім алушылардың мазасыздық деңгейін төмендетуге, зейінін шоғырландыру қабілетін жақсартуға және білім беру ұйымына деген тиесілілік сезімін қалыптастыруға ықпал етуі тиіс. 1. ИНТЕРАКТИВТІ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ОҚЫТУ ҚҰРАЛДАРЫ. Интерактивті панель – 1 дана. Интерактивті сенсорлық дисплей мұғалім мен оқушыға әртүрлі оқу материалдарымен және электрондық сабақтармен бір мезгілде жұмыс істеуге мүмкіндік беруі тиіс. Интерактивті дисплей маркермен жанасуға да, саусақпен басқаруға да жауап беруі тиіс. Техникалық сипаттамалары және жүйелік талаптары: диагоналі – кемінде 75 дюйм; технологиясы – LED; көру бұрышы – кемінде 178° (H) / 178° (V); бір мезгілдегі жанасулар саны – кемінде 20; дисплей ажыратымдылығы – кемінде HD 4K 3840 × 2160 @ 60 Hz; динамикалық контраст коэффициенті – 5000:1; жақтарының арақатынасы – кемінде 16:9; процессоры – кемінде төрт ядролы; жедел жады – кемінде 8 ГБ; ROM жады – кемінде 128 ГБ; шынысы – қалыңдығы кемінде 4 мм шыңдалған шыны; жанасуды тану технологиясы – инфрақызыл. Динамиктері: алдыңғы панельге кіріктірілген кемінде 2 динамик, шығыс қуаты кемінде 15/20 Вт × 2; сабвуфер – кемінде 20 Вт; микрофондар – кемінде 8 MIC; жанасуға жауап беру жылдамдығы – 8 мс-тен аспайды. Байланыс құралдары: Bluetooth нұсқасы кемінде 5.2, жұмыс жиілігі кемінде 2,4 ГГц, әрекет ету қашықтығы кемінде 20; Wi-Fi – кемінде 802.11a/b/g/n/ac/ax (Wi-Fi 6), жұмыс жиілігі 2,4 ГГц + 5 ГГц. Операциялық жүйе нұсқасы – 14.0-ден төмен емес. Жұмыс температурасы – шамамен 0 °C-тан 45 °C-қа дейін; қорек көзі – шамамен 100–240 В, 50/60 Гц; жалпы қуаты – шамамен 280 Вт; күту режиміндегі қуат тұтынуы – 0,5 Вт. Енгізу/шығару порттары: артқы жағында – кемінде 2 HDMI IN 2.1, 1 HDMI OUT, 1 USB 2.0, 2 USB 3.0, 1 MIC IN, 1 COAX, 2 TOUCH USB 2.0, 1 RS232, 1 RJ45 IN, 1 RJ45 OUT, 1 TF Card ұясы және 1 құлаққап ұясы; алдыңғы жағында – кемінде 1 HDMI кірісі, 3 USB-B 3.0, 1 сенсорлық USB, 1 Type-C. Жарықтығы – кемінде 350 кд/м²; контрастылығы – кемінде 1200:1; жауап беру уақыты – кемінде 8 мс (түпнұсқаға сәйкес); жаңарту жиілігі – кемінде 60 Гц. Жиынтықтамасы: қашықтан басқару пульті, ұзындығы кемінде 3 м болатын 1 қуат кабелі, ұзындығы кемінде 3 м болатын 1 HDMI кабелі, кемінде 1 сенсорлық кабель, кемінде 2 жазу қаламы, кемінде 1 қабырғаға бекіткіш. Қаптаманың өлшемі – кемінде 1875 × 1020 × 200 мм (Ұ × Б × Е); VESA бекіткіші –

	кемінде 500 × 600 мм; қалам ұстағышы – 2 дана; кіріктірілген компьютерге (OPS) арналған слот өлшемі – кемінде 198 × 180 × 30 және 120 × 180 × 30 мм; таза салмағы – 49 кг-нан аспайды, қаптамамен салмағы – 62 кг-нан аспайды. Интерактивті панельді сатып алу мақсатында әлеуетті өнім беруші конкурстық өтінім құрамында осы конкурстың нөмірі, лот нөмірі және Тапсырыс берушінің атауы көрсетілген авторизациялық хаттарды ұсынуы тиіс. Әлеуетті өнім беруші лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеушіден не зияткерлік меншік құқықтарын беру туралы шарт негізінде құқық иеленушіден немесе әзірлеушінің Қазақстандағы ресми дистрибьюторынан алынған хаттың көшірмесін конкурстық өтінім құрамында ұсынуы тиіс. Хат конкурстық комиссияға немесе конкурстық өтінім берген әлеуетті өнім берушіге арналуы тиіс. Интерактивті панельдің бағдарламалық қамтамасыз етуі. Интерактивті панельдің лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуінің (интерфейсінің) кемінде үш тілдегі нұсқасы болуы тиіс: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде. Бағдарламалық қамтамасыз ету интерактивті панельде жұмыс істеуге арналған болып, тақта құралдарын, драйверді және қолданбалы интерактивті бағдарламаны қамтуы тиіс. Жұмыс режимдері кемінде мыналар: басқару (тінтуір), аннотация, толық экран, терезе және мөлдір қабат. Сабақтарды әзірлеу және сақтау мүмкіндіктері: объектілерді бұру, жылжыту және өлшемдерін өзгерту, ескертулер қосу және экран суреттерін түсіру; объектілермен орындалған әрекеттерді кезең-кезеңімен қайта ойнату; геометриялық фигуралар мен көпбұрыштарды автоматты тану және оңтайландыру; объектілерге қосу; объектілердің мөлдірлігін орнату; үлгілер мен кескіндерді фон ретінде енгізу және галереяны пайдалану; беттерді ұйымдастыру; объектілерді бір беттен екінші бетке немесе бір қолданбадан екіншісіне жылжыту; файлдарды тіркеу; файлдарды әртүрлі форматтарда (мысалы, PDF немесе HTML) сақтау; беттерді жекелеген сурет файлдары (мысалы, JPEG немесе GIF) ретінде сақтау; бет торын баптау; галереядан анимациялық файлдарды енгізу және өз файлдарын қосу; қосылу түрі, жазу мәнері, үзік сызық түрі және басқа белгілері бойынша ерекшеленетін сурет салу құралдарының кең таңдауы. Ақпаратты көлеңке және жарықтандыру әсерлерімен көрсету; перде, прожектор, жекелеген бөліктерді үлкейтетін лупа; бағдарламаларды басқару панелі арқылы көптеген қолданбаларға қол жеткізу; қалқымалы құралдар палитрасын баптау; дәл геометриялық операцияларға арналған виртуалды циркуль, сызғыш және транспортир; экрандық пернетақта арқылы мәтін енгізу. Сапалы әрі лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу мақсатында әлеуетті өнім беруші техникалық ерекшелікте бағдарламаның демо-нұсқасын жүктеу мүмкіндігін көрсетуі тиіс немесе бағдарлама әзірлеушінің ресми сайтынан жүктеуге қолжетімді болуы тиіс, бұл оның техникалық талаптарға сәйкестігін тексеруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу мақсатында бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеушінің авторизациялық хаты ұсынылуы тиіс. Әлеуетті өнім

	беруші конкурстық өтінім құрамында лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеушінің немесе зияткерлік меншік құқықтарын беру шарты негізінде құқық иеленушінің, не әзірлеушінің Қазақстандағы ресми дистрибьюторының хатының көшірмесін ұсынуы тиіс. Хат конкурстық комиссияға немесе конкурстық өтінім беретін әлеуетті өнім берушіге арналуы тиіс. МОНОБЛОК – 1 дана. Сипаттамалары: экран диагоналі – кемінде 23,8 дюйм; матрица түрі – IPS немесе IGZO LED; экранның бүйір жақтауының ені – 0,3 см-ден аспайды; экран пішімі – кең форматты, 16:9; ажыратымдылығы – кемінде 1920 × 1080; көлденең/тік көру бұрышы – кемінде 178°/178°; контраст арақатынасы – кемінде 1000:1; қабырғаға орнатуға арналған VESA стандартты бекіткіштері болуы тиіс. Монитордың орналасуын реттеу: реттелетін тұғыр, еңкею бұрышы −5°-тан +30°-қа дейін, көлденең бұрылу бұрышы −45°-тан +45°-қа дейін, экранды тік кітаптық қалыпқа бұру, биіктігін кемінде 130 мм реттеу. Процессор ядроларының саны – кемінде 4, ағындарының саны – 8; негізгі тактілік жиілігі – 3,30 ГГц; ең жоғары жиілігі – 4,28 ГГц-тен жоғары; кэш-жады – 12 МБ; жылу қуаты – 60 Вт. Қауіпсіздік құлпына арналған Lock ұясы болуы тиіс. Орнатылған жедел жады – кемінде 8 ГБ DDR4; DIMM слоттары – кемінде 2; жинақтауыш – кемінде 256 ГБ SSD M.2 NVMe; графикалық бейнеадаптер – кемінде кіріктірілген UHD 710; чипсет – кемінде H610 LGA1700. Сыртқы интерфейстер: кемінде 1 HDMI, 1 VGA, 1 аудио шығысы, 1 микрофон кірісі; USB порттары – кемінде 2 × USB 3.2 Gen2, 2 × USB 3.2 Gen1, 1 × USB Type-C. Дыбыс шығару құралдары – әрқайсысының қуаты кемінде 2 Вт болатын екі кіріктірілген кеңжолақты динамик. Байланыс құралдары: кіріктірілген LAN 10/100/1000 Мбит/с контроллері, Wi-Fi 802.11 a/b/g/n/ac адаптері, Bluetooth. Веб-камера – кемінде 2 Мп, кіріктірілген екі бағытты микрофоны бар. Бейне ағынын физикалық бұғаттауға арналған жылжымалы тетік болуы тиіс. Бұл камера объективін физикалық жабуға мүмкіндік беретін механикалық элементті (перде немесе сырғытпаны) білдіреді; ол құпиялылықты қамтамасыз етуге және жабдықты пайдалану кезінде бейненің рұқсатсыз берілуін болдырмауға арналған. Жиынтықтағы компьютерлік тінтуір мен пернетақтаға қойылатын талаптар: пернетақта – 1 дана, тінтуір – 1 дана. Тінтуір – USB арқылы қосылатын, оптикалық, айналдыру дөңгелегі бар. Пернетақта – стандартты, толық өлшемді. Қуат блогы – стандартқа сәйкес кемінде 120 Вт. Операциялық жүйе: білім беру мекемелерінің домендік желісіне қосылуға мүмкіндік беретін алдын ала орнатылған лицензиялық операциялық жүйе. Операциялық жүйе лицензиясының қолданылу мерзімі – шектеусіз. Жеткізу талаптары: құрылғылар өндіруші зауыттарында құрастырылып, сынақтан өткізілуі, зауыттық таңбасы және пайдалану жөніндегі нұсқаулығы болуы тиіс. Өнім берушіге қойылатын талаптар: әлеуетті өнім беруші конкурстық құжаттама құрамында жеткізілетін бағдарламалық қамтамасыз етуді (операциялық жүйені) өндірушілердің немесе олардың ресми өкілдерінің (дилерлерінің не дистрибьюторларының) Тапсырыс берушіге жолданған авторизациялық

	хаттарын ұсынуға тиіс. Хаттарда әлеуетті өнім берушінің ағымдағы конкурс аясында бағдарламалық қамтамасыз етуді жеткізуге және енгізуге құқығы бар екені расталуы тиіс. Авторизациялық хатта конкурстың толық атауы көрсетілуі тиіс. 3. ҮЗДІКСІЗ ҚОРЕК КӨЗІ – 1 дана. Корпусы – «desktop» пішімінде. Топологиясы – желілік-интерактивті. Толық шығыс қуаты – кемінде 1100 ВА; белсенді шығыс қуаты – кемінде 660 Вт; 90 Вт жүктемемен жұмыс істеу уақыты – кемінде 45 минут. Батареядан жұмыс істеген кездегі шығыс кернеуінің пішіні – ендік-импульстік модуляциясы бар синусоидалы. Батареяға ауыспайтын кіріс кернеуінің диапазоны – кемінде 165–290 В; кіріс жиілігінің диапазоны – 45–65 Гц. Кіріктірілген аккумулятор батареялары – кемінде 12 В/5 А•сағ, 2 дана. ҮҚК суық іске қосу функциясына (кіріс кернеуінсіз батареядан іске қосылу) ие болуы тиіс. Резервтік қорегі бар кіріктірілген розеткалар – кемінде 4 дана; олардың кемінде төртеуі желілік сүзгілеуді және батареялық қоректі қамтамасыз етеді. Розеткалар ҮҚК-нің артқы жағында орналасуы тиіс. Батарея режиміндегі шығыс кернеуі – 230 В ± 10%. Желі/батарея режимдерін көрсететін жарықдиодты индикаторлар және батарея режимі, төмен заряд, шамадан тыс жүктеме, қателер туралы дыбыстық хабарлау жүйесі болуы тиіс. Электр желісіндегі энергия импульстерін басу көрсеткіші – кемінде 125 Дж. Телефон/модем/Ethernet деректер беру арналарына арналған сүзгілеу қарастырылуы тиіс. Жылу бөлуі – 27 BTU/сағ-тан аспайды. Ашасы бар кіріс қорек кабелінің ұзындығы – кемінде 1,2 м. 4. ЖЕРГЕ ТҰЙЫҚТАУ КОНТУРЫ БАР ЖЕЛІЛІК СҮЗГІ – 1 дана. Желілік сүзгіде кемінде 5 розетка ұясы болуы және кабель ұзындығы кемінде 5 м болуы тиіс (есептеу және кеңсе техникасын қауіпсіз пайдалану үшін). 5. КӨПФУНКЦИЯЛЫ ҚҰРЫЛҒЫ – 1 дана. Басып шығару түрі – монохромды, қағаз пішімі – А4. Баспа тасымалдағыштары: конверттер, кәдімгі қағаз, ашықхаттар/жапсырмалар, қалың қағаз, мөлдір үлдірлер, жұқа/қайта өңделген қағаз. Қағаздың ең төменгі тығыздығы – кемінде 60 г/м², ең жоғары тығыздығы – кемінде 163 г/м². Басып шығарудың ең жоғары ажыратымдылығы – кемінде 1200 × 600 dpi. Айлық ең жоғары жүктеме – 8000 бетке дейін. Ақ-қара басып шығару жылдамдығы – кемінде 18 бет/мин. Сканер түрі – планшеттік, сканер ажыратымдылығы – кемінде 600 × 600 dpi. Қағаз беру науасының сыйымдылығы – 150 парақ, қабылдау науасы – кемінде 100 парақ. Қосылу интерфейсі – кемінде USB Type-B. Кепілдік мерзімі – кемінде 1 жыл. Әлеуетті өнім беруші «English Ағылшын тілі» тақырыбында интерактивті ақпараттық-білім беру стендін (бұдан әрі – стенд) дайындауы тиіс. Стенд ағылшын тілін үйрену кезінде көрнекі ақпараттық-білім беру қолдауын қамтамасыз етуі керек. Стендте ағылшын тілінің грамматикасы мен лексикасына қатысты материалдар берілуі тиіс. Стендтің габариттік өлшемдері кемінде 1 × 1,7 м, қалыңдығы кемінде 8,99 мм болуы, бұрыштары жұмырланған және алынбалы қорғаныш үлдірмен қапталған болуы тиіс. Онда арнайы әзірленген дерекқормен байланысқан кемінде 5 (бес) QR-код және тақырыптық суреттер орналастырылуы қажет.

	Дерекқордың цифрлық мазмұны ағылшын тілі тақырыбын жан-жақты қамтуы тиіс. Стенд ақпараты әртүрлі цифрлық электрондық құрылғылардан қарауға қолжетімді болуы қажет. Ақпараттық-білім беру стендінің материалы – полиметилметакрилат. Түрлі түсті кескін жоғары сапалы әрі жоғары ажыратымдылықтағы ультракүлгін басып шығару әдісімен салынуы тиіс; бояу ультракүлгін сәуленің әсерінен қатып (фотополимерленіп), басылатын материал бетінде үлдір түзуі тиіс. Бекіткіш бөлшектер тот баспайтын болаттан жасалып, диаметрі кемінде 18 мм болуы тиіс. Сондай-ақ диаметрі кемінде 16 мм, тесігі кемінде 9 мм болатын түссіз жұмсақ резеңке шайбалар кемінде 8 дана қарастырылуы тиіс. Стендке қатысты цифрлық контент бейімделгіш болуы және экран ажыратымдылығы әртүрлі құрылғыларда (смартфон, планшет, интерактивті панель), сондай-ақ дербес компьютер мен ноутбуктің кез келген веб-браузерінде бірдей дұрыс көрсетілуі тиіс. Смартфон және (немесе) планшет арқылы QR-кодтарды сканерлеген мектеп оқушысы (пайдаланушы) төмендегі ақпаратпен цифрлық түрде жан-жақты таныса алуы тиіс (барлық ақпарат арнайы әзірленген бірыңғай дерекқорда толық жинақталуы қажет): «Жаңадан бастаушыларға» бөлімі: ағылшын әліпбиі, фонетика және оқу ережелері берілуі тиіс. Бөлім ағылшын тілін жаңадан үйренушілерге арналған және негізгі тақырыптар мен бастапқы оқу ережелерін қамтиды. Мақсаты – ағылшын тілін меңгеруге берік негіз қалыптастыру. «Ағылшын әліпбиі» бөлімшесінде әр әріпті басу арқылы оның фонетикасы, таңбалануы, қолданылуы, шығу тегі, түрлері мен әліпбидегі орны туралы толығырақ ақпарат алу функциясы болуы қажет. «Емле» бөлімі: бас әріптер, күндер мен уақыт, тыныс белгілері туралы ақпарат берілуі тиіс. Бұл бөлім ағылшын тілін енді үйрене бастағандарға арналған; әріптерді жазу, тыныс белгілерін қолдану, орфография және пунктуация ережелері қарастырылады. Мақсаты – оқушыларға ағылшын тілінде сауатты жазудың негіздерін меңгерту. «Сөйлем» бөлімі: құрмалас, шартты және жай сөйлемдер, төлеу сөз, сөйлемнің тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелері, сұрақ түрлері, сөйлемдегі сөз тәртібі туралы ақпарат берілуі тиіс. Бөлім сөйлем құрастырудың негізгі қағидаларын, грамматикалық құрылымды, сөз тәртібін, сөйлем түрлерін (хабарлы, болымсыз, сұраулы), шақтарды қолдануды және ағылшын тілінде дұрыс әрі байланысты ой жеткізуге қажетті өзге де мәселелерді қамтуы тиіс. «Етістіктің шақтары» бөлімінде етістіктің кемінде 12 шағы қамтылып, әрқайсысы туралы мысалдармен және бейнематериалдармен бірге толық ақпарат берілуі тиіс. Бөлім оқушыларға ағылшын тілінде дұрыс қарым-қатынас жасау үшін негізгі грамматикалық құрылымдарды меңгеруге көмектесуі керек. «Сөзжасам» бөлімі: салыстыру дәрежелері, тәуелдік септік, префикстер, суффикстер, -ed, -ing және s/es жалғаулары туралы мәлімет берілуі тиіс. Бөлім бұрыннан бар сөздер негізінде жаңа сөз жасау тәсілдерін зерделеуге арналады: аффиксация (жұрнақтар мен префикстер арқылы сөз жасау), біріктіру (екі немесе одан көп сөзді қосу), конверсия (сөздің түрін өзгертпей сөз табын ауыстыру), қысқартулар және

	аббревиатуралар арқылы сөз жасау, сондай-ақ сөздік қорды кеңейтетін және ойды дәл жеткізуге көмектесетін басқа да тәсілдер. «Сөз таптары» бөлімі: сын есімдер, үстеулер, артикль, жалғаулықтар, сілтеу есімдіктері, белгісіздік есімдіктері, одағайлар, көпше түрдің ерекше жағдайлары, зат есімдер, сан есімдер, септеуліктер, есімдіктер, сұрау сөздері, өзара мәндес есімдіктер және қатыстық есімдіктер туралы ақпарат берілуі тиіс. Бөлім сөздердің сөйлемдегі қызметіне қарай негізгі санаттарын оқытуға арналған. Негізгі мақсаты – оқушыларға әр сөз табын ағылшын тілінде ойды дәл әрі грамматикалық тұрғыдан дұрыс жеткізу үшін қалай қолдануды түсіндіру. «Модаль етістіктер» бөлімі: Can және Could, Dare, Had better, Have to, May және Might, Must, Need, Shall, Should және Ought to, To be to, Will және Would туралы ақпарат берілуі тиіс. Бұл бөлім мүмкіндік, қажеттілік, қабілет және басқа да мағыналар арқылы әрекетке не күйге қатынасты білдіретін етістіктер тобын оқытуға арналған. Олар рұқсатты, кеңесті, ұсынысты және өзге мағыналық реңктерді білдіру үшін жиі қолданылады. Бөлім оқушыларға модаль етістіктерді ағылшын тілінің әртүрлі контексінде қолдану ережелері мен ерекшеліктерін түсінуге көмектесуі тиіс. «Етістіктер» бөлімі ағылшын тілінің негізгі грамматикалық құрылымдары мен оларды қолдану ережелерін оқытуға арналған. Онда герундий (-ing аяқталатын етістік формасы), инфинитив (етістіктің бастапқы түрі, мысалы, «to do»), есімше (сын есім немесе етістік құрылымының бөлігі ретінде қолданылатын етістік формасы), рай түрлері (әрекетке қатынасты білдіретін шартты, бұйрық рай және т.б.) және басқа тақырыптар қамтылуы тиіс. Мақсаты – пайдаланушыларға грамматика негіздерін меңгертіп, бұл құрылымдарды әртүрлі жағдайларда дұрыс әрі тиімді қолдануды үйрету. «Оралымдар мен құрылымдар» бөлімінде There is/There are, To be going to, Used to туралы ақпарат берілуі тиіс. Бөлім нақты әрі мәнерлі қарым-қатынас жасауға арналған тұрақты тіркестерді, фразалық оралымдарды және грамматикалық құрылымдарды оқытуға арналады. Онда фразалық етістіктер, идиомалар, күрделі грамматикалық құрылымдар және сөйлеуді байытатын қалыптасқан тіркестер қамтылады. Мақсаты – оқушыларға бұл тілдік элементтерді әртүрлі контекстерде дұрыс әрі тиімді қолдануды үйрету. «Лексика» бөлімі сөздік қорды үйренуге және кеңейтуге арналады. Жаңа сөздерді тақырыптық топтарға бөліп, ойын, тест және басқа интерактивті тәсілдер арқылы үйрету керек. Мақсаты – оқушылардың ағылшын тіліндегі қатысымдық дағдыларын дамыту үшін сөздер мен сөз тіркестерін түсінуіне және дұрыс қолдануына көмектесу. «Қызықты деректер» бөлімі: ағылшын тілін үйренудің жоғарыда аталған грамматикалық аспектілерімен қатар ағылшын тілінің тарихы, қалыптасуы және әлемдік маңызы туралы қызықты мәліметтер берілуі тиіс. Оқу үдерісінде оқушылардың қызығушылығын оятатын көпшілікке беймәлім деректер қамтылуы қажет. «Бейнесабақтар» бөлімінде ағылшын тілінің негізгі тақырыптары бойынша түсінікті әрі қолжетімді түрде дайындалған кемінде 20 (жиырма) қысқа бейнеролик

	ұсынылуы тиіс. «Басты бет» бөлімінде жоғарыда аталған барлық бөлімдер көрсетілуі тиіс. Стенд осы тақырыптың барлық ерекшеліктері (Ұлыбритания туы және т.б.) ескерілген жарқын, заманауи стильде орындалуы тиіс. Стендтің оң жағында Ұлыбританияның географиялық пішінін құрайтын сегменттелген доға тәрізді сызықтардан қалыптасқан абстрактілі саусақ ізі бейнеленуі қажет. Элементтер спираль қағидасымен орналастырылып, қозғалыс әсерін тудыруы тиіс. Сызықтар тұтас болмауы тиіс: олар әртүрлі ұзындықтағы бөліктерге бөлініп, цифрлық және модульдік құрылым әсерін күшейтуі керек. Сызықтардың ішіне мынадай мәтіндік элементтер енгізілуі тиіс: • географиялық атаулар: London, Edinburgh, Cardiff, Scotland, Wales; • мәдени рәміздер: The Beatles, Shakespeare, Harry Potter, football; • күнделікті қолданыстағы тіркестер: hello, tea, English breakfast, do you speak English?; • ұлттық элементтер: queen, big ben, red double-decker bus, Great Britain және т.б. Осы абстрактілі іздің фонында Биг-Беннің, екі қабатты автобустың, Лондон сәулетінің және британ мәдениетінің өзге белгілерінің жартылай мөлдір монохромды бейнелері көрініп тұруы тиіс. Стендтің жоғарғы оң жағына өндіруші компанияның логотипі орналастырылуы тиіс. Стендтің сол жақ бөлігінде бұрыштары жартылай жұмырланған, тік орналасқан екі үлкен тіктөртбұрыш болуы тиіс: біреуі қызыл, екіншісі көк. Бірінші, қызыл тіктөртбұрышта Ұлыбритания туы бейнеленіп, оның астына ақ түспен ENGLISH, ал одан төмен АҒЫЛШЫН ТІЛІ деген жазулар орналастырылуы тиіс. Көк тіктөртбұрышта ақ түсті 1 (бір) QR-код болуы тиіс. QR-кодтың үстіне бұрыштары жұмырланған «БАСТЫ БЕТ» деген ақ жазуы бар белгі, ал кодтың астына «MAIN PAGE» деген ақ жазуы бар белгі орналастырылады. Осы фигуралардың төменгі жағына «OPEN NEW HORIZONS OF KNOWLEDGE WITH OUR INTERACTIVE STANDS» деген ақ түсті жазуы бар тіктөртбұрышты тақтайша қойылуы тиіс. Жазудың сол жағына смартфонды пайдаланып жатқан қолдардың иллюстрациясы салынады. Аталған тақтайшаның төменгі жағына бұрыштары жартылай жұмырланған 5 (бес) тіктөртбұрыш орналастырылып, олардың әрқайсысында 1 (бір) QR-код және ағылшын тіліндегі жазулар болуы тиіс. Стендтің төменгі сол жақ бөлігінде өндіруші компанияның байланыс ақпараты орналастырылуы тиіс. Ұсынылатын барлық ақпарат (контент) қазақ және (немесе) орыс тілдерінде болуы тиіс. Контенттің кез келген бетінде қаралып жатқан беттің орнын сақтай отырып, тілдер арасында ауысу мүмкіндігі қамтамасыз етілуі қажет. Әлеуетті өнім беруші стендке қатысты контентті кемінде 12 (он екі) ай бойы ақпараттық және өзге де қажетті қолдаумен қамтамасыз етуі тиіс (қателер мен ақаулардың алдын алу үшін контентті толық сынақтан өткізу және оңтайландыру). Осы ақпараттық-білім беру стенді аясында жалпы қарау және танысу мақсатында дерекқорға интернет арқылы қосылып, контентті экранға (теледидарға немесе интерактивті панельге) шығару функциясы көзделуі тиіс. Барлық ақпарат смартфонда және (немесе) планшетте бір мезгілде қолжетімді болуы қажет. Пайдаланушы смартфондағы және (немесе) планшеттегі

	тиісті белгішені (батырманы) басу арқылы осы функцияны қолдана алуы тиіс. Басқаша айтқанда, стендпен байланысқан арнайы әзірленген контентте (дерекқорда) интернет байланысы және құпиясөзді (кодты) енгізу арқылы ақпаратты үлкен экранға шығару функциясы қарастырылуы тиіс. Әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысу өтінімінің құрамында сатып алу нөмірі мен лот нөмірі көрсетілген, сатып алынатын түпнұсқа (контрафактілік емес) тауарды өткізуге құқығын растайтын зияткерлік меншік объектілерін пайдалануға рұқсаттың электрондық көшірмесін (не электрондық құжатын) ұсынады. Аталған рұқсат патентке, авторлық куәлікке (авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке), пайдалы модельге арналған куәлікке және өзге авторлық (техникалық) құжаттамаға қатысты болуы мүмкін. Рұқсатты Қазақстан Республикасының аумағындағы құқық иеленуші (дайындаушы) немесе оның ресми өкілі береді; рұқсат атаулы сипатта болады (нақты конкурс пен лот үшін нақты әлеуетті өнім берушіге беріледі) және онда құқық иеленуші берген, құжатты сәйкестендіруге әрі тексеруге мүмкіндік беретін бірегей тіркеу нөмірі (коды) болады. Бұл талап әлеуетті өнім берушінің құқық қабілеттілігін растау үшін (Қағидалардың 46-тармағы) және контрафактілік өнім жеткізуге жол бермеу мақсатында қойылады. Ол тауардың сипаттамалары, жиынтықталуы және шығу тегі туралы құжаттарға (техникалық паспорттар, сәйкестік сертификаттары және т.б.) жатпайды; мұндай құжаттар конкурстық құжаттамаға сәйкес тауарды жеткізу кезінде оларды ұсыну міндеттемесі көрсетілген кепілдік хатпен расталуы мүмкін. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 5-бабында белгіленген заңдылық қағидатын сақтау және үшінші тұлғалардың (құқық иеленушілердің) құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына жол бермеу мақсатында әлеуетті өнім беруші тиісті зияткерлік меншік объектілеріне құқық белгілейтін құжаттарды, атап айтқанда сатып алынатын объектіге қатысты дизайнға, бастапқы кодқа және дерекқорға арналған патентті, авторлық куәлікті (құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті) ұсынады. Рұқсатта көрсетілген зияткерлік меншік объектісінің атауы құқық белгілейтін құжаттағы (патенттегі, авторлық куәліктегі, мемлекеттік тіркеу туралы куәліктегі) атаумен толық және сөзбе-сөз сәйкес келуі тиіс. Рұқсат берілген объект атауын алмастыруға, қысқартуға, ішінара өзгертуге (басқаша тұжырымдауға) жол берілмейді. Рұқсат Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 3-тарауының № 4 қосымшасына, 18-тармағына сәйкес конкурсқа қатысу өтінімінің құрамына кіреді. Конкурсқа қатысу өтінімінде әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын тауарларды өндіруге, қайта өңдеуге, жеткізуге және өткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге құқығын растайтын рұқсаттар (хабарламалар) және (немесе) патенттер, куәліктер, сертификаттар мен өзге де құжаттар қамтылады. Көрсетілген рұқсатты және (немесе) құқық белгілейтін құжаттарды (патенттерді, авторлық

	куәліктерді, куәліктерді, сертификаттарды және тауарларды өндіру, қайта өңдеу, жеткізу мен өткізу құқығын растайтын өзге құжаттарды) ұсынбау, сондай-ақ Рұқсатта көрсетілген зияткерлік меншік объектісінің атауы тиісті құқық белгілейтін құжаттағы атаумен сәйкес келмеуі әлеуетті өнім берушіні конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес емес деп тануға және конкурсқа жібермеуге негіз болып табылады. Бұл № 687 Қағидалардың 3-тарауының 10-параграфындағы 212-тармаққа сәйкес жүзеге асырылады. Әлеуетті өнім беруші сатып алынатын тауарларды өндіруге, қайта өңдеуге, жеткізуге және өткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге құқығын растайтын патенттердің, куәліктердің, сертификаттардың және өзге құжаттардың электрондық көшірмелерін не электрондық құжаттарын ұсынбаған жағдайда конкурсқа қатысуға жіберілмейді (конкурсқа қатысушы болып танылмайды). Егер сатып алынатын тауар шетелде шығарылған болса, Қазақстан Республикасының аумағындағы ресми өкіл шетелдік компанияның мүдделерін білдіру құқығын растайтын, берілген күні мен қолданылу мерзімі көрсетілген құжатты (шарт, куәлік, сертификат және т.б.) қосымша ұсынады. Осы тақырыптағы ақпараттық-білім беру стендінің саны – 1 дана. 2. Портреттер мен стендтер: 2.1 Ағылшын жазушыларының портреттері – 1 жиынтық (жиынтықта 12 дана), өлшемі кемінде А3 (42 × 30 см), фотоқағаз. 2.2 «The USA», «Great Britain» стенді – 1 дана, өлшемі кемінде 100 × 110 см, фотоқағаз. 2.3 «The Great Britain» стенді – 1 дана, өлшемі кемінде 100 × 110 см, фотоқағаз. 2.4 «William Shakespeare» стенді – 1 дана, өлшемі кемінде 100 × 100 см, фотоқағаз. 2.5 «The Victorian age» стенді – 1 дана, өлшемі кемінде 100 × 100 см, фотоқағаз. 2.6 «Famous Writers» стенді – 1 дана, өлшемі кемінде 100 × 100 см, фотоқағаз. 2.7 «Irregular verbs chart» стенді – 1 дана, өлшемі кемінде 100 × 140 см, фотоқағаз. 2.8 «Modal verbs» стенді – 1 дана, өлшемі кемінде 100 × 140 см, фотоқағаз. 2.9 «English grammar» стенді – 1 дана, өлшемі кемінде 100 × 140 см, фотоқағаз. 3. Көрнекілікке арналған баспа материалдары: 3.1 5-сыныпқа арналған ағылшын тілі плакаттары – 1 жиынтық (9 дана), өлшемі кемінде 60 × 90 см, фотоқағаз. 3.2 6–7-сыныптарға арналған ағылшын тілі плакаттары – 1 жиынтық (16 дана), өлшемі кемінде 60 × 90 см, фотоқағаз. 3.3 8–11-сыныптарға арналған ағылшын тілі плакаттары – 1 жиынтық (15 дана), өлшемі кемінде 60 × 90 см, фотоқағаз. 3.4 8–11-сыныптарға арналған ағылшын тілі плакаттары – 1 жиынтық (17 дана), өлшемі кемінде 60 × 90 см, фотоқағаз. 3.5 9–11-сыныптарға арналған ағылшын тілі плакаттары – 1 жиынтық (20 дана), өлшемі кемінде А4 (21 × 30 см), фотоқағаз. 3.6 «Ағылшын тілінің негізгі грамматикасы» атты 5–11-сыныптарға арналған плакаттар – 1 жиынтық (16 дана), өлшемі кемінде 60 × 90 см, фотоқағаз. 3.7 «Лондонның көрікті жерлері» ағылшын тілі плакаттары – 1 жиынтық (10 дана), өлшемі кемінде А3, фотоқағаз, картон. 3.8 «Ағылшын тіліндегі валеология» плакаттары – 1 жиынтық (11 дана), өлшемі кемінде 42 × 60 см, фотоқағаз. 3.9 «Елтану» плакаттары – 1 жиынтық (6

	дана), өлшемі кемінде 70 × 100 см, фотоқағаз. 3.10 «АҚШ-тың басқару жүйесі / АҚШ президенттері» плакаты – 1 дана, өлшемі кемінде 70 × 100 см, екіжақты, картон. 3.11 «Ағылшынтілді елдер / Ұлыбритания (ағылшын тілінде)» плакаты – 1 дана, өлшемі кемінде 70 × 100 см, картон. 3.12 «Лондон картасы / Лондонның көрікті жерлері» плакаты – 1 дана, өлшемі кемінде 70 × 100 см, екіжақты, картон. 3.13 «Ұлыбританияның басқару жүйесі / Корольдік отбасы» плакаты – 1 дана, өлшемі кемінде 70 × 100 см, екіжақты, картон. 3.14 ТМД және әлем елдерінің тулары – 1 жиынтық (116 дана), пішімі А3, өлшемі кемінде 42 × 30 см, картон. 3.15 ТМД және әлем елдерінің елтаңбалары – 1 жиынтық (116 дана), өлшемі кемінде 42 × 30 см, картон. 4. ЖИһАЗ ЖИЫНТЫҒЫ 4.1 Мұғалім үстелі – 1 дана. Үстелдің габариттік өлшемдері – кемінде 1200 × 750 × 750 мм, үстел тақтайының қалыңдығы – кемінде 22 мм. Бүйір тіректері және алдыңғы тұтас панелі қалыңдығы 16 мм ЛДСП-дан жасалуы тиіс. Мұғалім жағындағы ішкі бөлікте тартпалар болуы тиіс. 4.2 Оқушы үстелі – 15 дана. Үстел тақтайының өлшемі – кемінде 1200 × 600 мм; үстіңгі жиегінің еденнен биіктігі – 760 мм. Үстел тақтайы қалыңдығы кемінде 16 мм сұр түсті ЛДСП-дан, жиегі қалыңдығы кемінде 2 мм ақ түсті ПВХ-дан жасалуы тиіс. Бұрыштары жұмырланған болуы керек. Алдыңғы және артқы жақтарында бүкіл ұзындығы бойымен көк түсті сәндік ендірмелер болуы тиіс. Металл қаңқасы екі бүйір тіректен, екі тік тіреуден және екі нығайтқыш жақтаудан тұруы тиіс. Бүйір тіректер мен тік тіреулер бір-біріне тартпа панель және үстел тақтайы арқылы біріктірілуі қажет. Металл қаңқасы ашық сұр түсті полимерлік жабынмен қапталуы тиіс. Үстел тақтайы өлшемі 520 × 1100 мм металл жақтауға бекітіледі. Жақтау қабырғасының қалыңдығы кемінде 1,5 мм болатын 25 мм шаршы құбырдан жасалуы тиіс. Қаңқаның бүйір тіректері – ұзындығы кемінде 500 мм, қимасы 50 × 25 мм, металл қалыңдығы кемінде 1,5 мм тікбұрышты профильді құбыр. Тік тіреулер – ұзындығы кемінде 600 мм, қимасы 40 × 25 мм, металл қалыңдығы кемінде 1,5 мм тікбұрышты профильді құбыр. Тартпа панельге арналған нығайтқыш жақтау өлшемі – 400 × 1100 мм, 25 мм шаршы құбырдан, металл қалыңдығы кемінде 1,2 мм. Тартпа панель қалыңдығы 16 мм сұр түсті ЛДСП-дан жасалуы тиіс. Үстел астындағы қаңқаның сыртқы сол және оң жағына сөмкеге арналған бір ілмекті 2 ілгек дәнекерленуі тиіс. Үстел тақтайы қаңқаға жасырын бекіту әдісімен орнатылады. Еденнің тегіс еместігін өтеуге арналған реттелетін металл тіреуіш табандар болуы тиіс. 4.3 Мұғалім креслосы – 1 дана. Бес дөңгелекті, биіктігі реттелетін, қаптамасы гобелен, аяқтары пластиктен жасалған. 4.4 Оқушы орындықтары – 30 дана. Аяқтары диаметрі кемінде 22 мм, қабырғасының қалыңдығы кемінде 2 мм болатын иілген болаттың дөңгелек профилінен жасалуы тиіс. Аяқтары П-тәрізді пішінде, дәнекер жігі жоқ біртұтас иілген болат профильден жасалып, жоғары температурада полимерлік ұнтақ бояумен боялуы тиіс. Алтыншы бой тобына сәйкес келуі және сапалы пластик бітеуіштері болуы керек. Жас санаты – 6 жастан асқан балаларға

	жарамды. Отырғышы – қос қабырғалы және үрленген жастықшасы бар, қалыңдығы кемінде 60 мм полипропилен; ауа өткізгіштігі үшін диаметрі 2 мм-ден аспайтын тесіктері болуы тиіс. Отырғыштың тереңдігі мен ені – кемінде 400 мм, шеттері жұмырланған. Арқалығында кемінде 80 мм тесік болуы қажет. Салмағы 6 кг-нан аспауы тиіс. 4.5 Көпфункциялы шкаф – 1 жиынтық. Жиынтық кемінде 2 шкафтан тұруы тиіс; әр шкаф екі секциялы: жоғарғы секциясы – сөрелері бар ашық, төменгі секциясы – үш есікті жабық. Әр шкафтың өлшемдері – кемінде 1200 × 370 × 2000 мм. Көтергіш бөліктер, сөрелер және қасбеттік бөлігі – қалыңдығы кемінде 16 мм ЛДСП; артқы қабырғасы – қалыңдығы кемінде 4 мм ДВП; жиектері – ПВХ. Төменгі секцияда 3 жабық есік бар. Есіктердегі тұтқалар – тот баспайтын болаттан; ілмектері де тот баспайтын болаттан жасалып, 3D реттеу мүмкіндігі болуы тиіс. Шкафта тіреуіш табандар болуы керек. Екі шкаф жеке сөрелермен біріктірілуі тиіс. 4.6 МАРКЕРЛІ ТАҚТА – 1 дана. Қабырғаға ілінетін бор/маркер тақтасы үш қанатты, бес элементті, өлшемі кемінде 100 × 300 см болуы тиіс. Ашылған күйдегі өлшемі – кемінде 100 × 300 см. Бүйір қанаттарының өлшемі – кемінде 100 × 74,5 см, орталық бөлігінің өлшемі – шамамен 100 × 150 см-ден кем емес. Үш қанаты бормен жазуға арналған болуы тиіс. Бормен жазылатын беті қою жасыл түсті болуы қажет. Тақтаның негізгі бөлігі біржақты бор тақтасы, артқы жұмыс істемейтін жағы мырышталған болуы тиіс. Айналмалы элементтері екіжақты болуы тиіс. Қаптама парағының негізі көрнекі оқу құралдарын магниттер арқылы тақта бетіне бекітуге мүмкіндік беруі тиіс. Негізгі және қосымша беттерге арналған бекіткіштер металл, аспалы болып, тақтаның екі еселенген салмағынан кем емес жүктемеге төзуі керек. 5. КАБИНЕТТІ БЕЗЕНДІРУ 5.1 КАБИНЕТ ЛОГОТИПІ – 1 дана. Кабинет эмблемасы ПВХ материалынан жасалады, фигуралардың өлшемдері Тапсырыс берушімен келісіліп айқындалады. Әр элемент пен эмблеманың тереңдігі – кемінде 50 мм. 5.2 РУЛОНДЫ ПЕРДЕЛЕР – кабинеттегі 4 терезенің барлығына 1 жиынтық. Өлшемдері – терезе ойықтарының нақты өлшемдері бойынша (алдын ала өлшеу жүргізіледі). Түрі – тізбекті немесе соған ұқсас басқару механизмі бар рулонды перделер. Материалы – жарықтан қорғайтын мата (полиэстер немесе баламасы). Құрылымы: бекіткіштер жиынтығы, білік, басқару механизмі. Сенімді көтеру механизмі болуы тиіс. Ені – кемінде 200 см (немесе 200–240 см аралығы), биіктігі – 220 см-ге дейін. Түсі Тапсырыс берушімен келісіледі.

Әлеуетті өнім берушіге оның жеңімпазы анықталған және онымен Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған жағдайда қойылатын талаптар (қажет болған кезде көрсетіледі) (әлеуетті өнім берушіні көрсетілген мәліметтерді көрсетпегені және ұсынбағаны үшін қабылдамауға жол берілмейді)	Осы жоба шеңберінде мердігер ағылшын тілі кабинетін жаңғырта отырып, эстетикалық безендіру жұмыстарын орындауға міндетті. Жұмыс нысаны ағылшын тілі кабинеті болып табылады. Эстетикалық безендіру шеңберінде әлеуетті өнім беруші кеңістікті функционалдық аймақтарға бөлуге сәйкес кабинеттің интерьерін безендіру және сәндік жиһаздарды орнату бойынша кешенді жұмыстарды орындауға міндетті. Кабинетті безендіру заманауи білім беру ортасының ажырамас бөлігі болып табылады және қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыруға, білім алушылардың оқуға деген ынтасын арттыруға, олардың мәдени және эстетикалық құндылықтарын дамытуға бағытталуы тиіс. Кабинеттің визуалды кеңістігі білім алушылардың мазасыздық деңгейін төмендетуге, зейінін шоғырландыру қабілетін жақсартуға және білім беру ұйымына деген тиесілілік сезімін қалыптастыруға ықпал етуі тиіс.

Приложение 16
к конкурсной документации

Техническая спецификация закупаемых услуг (заполняется заказчиком)

Наименование заказчика	Коммунального государственного учреждения "Общеобразовательная школа №14" отдела образования по Мунайлинскому району Управления образования Мангистауской области
Наименование организатора	Коммунального государственного учреждения "Общеобразовательная школа №14" отдела образования по Мунайлинскому району Управления образования Мангистауской области
№ конкурса:	№ 17987756-1
Наименование конкурса:	Услуга по эстетическому оформлению кабинетов
Номер лота:	№ 88703150-ОК1
Наименование лота:	Услуги по эстетическому оформлению
Наименование кода Единого номенклатурного справочника товаров, работ, услуг:	749020.000.000124
Наименование услуги:	Услуги по эстетическому оформлению
Единица измерения:	Одна услуга
Количество (объем):	1
Цена за единицу, без учета налога на добавленную стоимость:	8620689.66
Общая сумма, выделенная для закупки, без учета налога на добавленную стоимость:	8620689.66
Срок оказания услуги:	Со дня подписания договора до 30 календарных дней
Размер авансового платежа* *:	0 %
Гарантийный срок (в месяцах)	12

